

**Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің
№ 9 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдері**

Шымкент қаласы

23.02.2022 ж.

1. Қысқы сессияның қорытындысы туралы

Шешім:

1. Тіркеу офісінің басшысы Мамаев Қайрат Серікбайұлының баяндамасы назарға алынсын.
2. 2021-2022 оқу жылының қысқы емтихан сессиясының нәтижесі факультет кеңестерінде талқылансын. *Жауапты – факультет декандары.*
3. 1-курс және басқа ЖОО-дан ауысқан студенттердің, жұмысқа жаңадан қабылданған оқытушы-профессорлардың университеттің академиялық саясаты талаптарын білуі қамтамасыз етілсін. *Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*
4. Магистранттардың МҒЗЖ өткізу және бағалау СМЖ «Магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу жөнінде» СМЖ ОКМПУ ПР 7.12-2021 процедурасына сәйкес жүргізілуі кафедра меңгерушілерімен қатаң қадағалансын *Жауапты – кафедра меңгерушілері.*
5. Академиялық адалдық саясатының бұзылу жағдайларын есепке қосу жағы қарастырылсын. *Жауапты – Тіркеу офісі.*
6. Шешімдердің орындалуын қадағалау сала проректорына жүктелсін.

2. Тарих және педагогика факультетінің стратегиялық жоспарының орындалуы туралы

Шешім:

1. Тарих және педагогика факультетінің деканы Таутаева Гүлдарига Батыршақызының баяндамасы назарға алынсын.
2. Факультет жұмысының мазмұны мен сапасын анықтау мақсатында құрылған инспекциялық топтың төрағасы А.Б.Ибашованың есебі назарға алынсын.
3. Кафедра филиалдарының жұмыстары жандандырылсын. *Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*
4. Ғылыми жобалар мен ғылыми жұмыстармен айналысатын ОПҚ санын арттыру және сапасын жоғарылату қолға алынсын *Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*
5. «Педагогика» және «Психология» білім беру бағдарламалары бойынша магистратура және докторантура бағыттарына лицензия алуға берілген сұраныстардың орындалуы қамтамасыз етілсін. *Жауапты – факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*
6. Психология кафедрасының ғылыми әлеуетін арттыру бағытында жұмыс атқарылсын. *Жауапты – «Психология» кафедрасының меңгерушісі.*
7. Шешімнің орындалуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

3. Дене шынықтыру және спорт факультетінің стратегиялық жоспарының орындалуы туралы

Шешім:

1. Дене шынықтыру және спорт факультетінің деканы Тұрысқұлов Өмірәлі Жүсіпұлының баяндамасы назарға алынсын.

2. Факультет жұмысының мазмұны мен сапасын анықтау мақсатында құрылған инспекциялық топтың төрағасы А.Д.Байшуақованың есебі назарға алынсын.

3. Дене шынықтыру және спорт факультеті құрамындағы кафедралардың ғылыми әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар күшейтілсін. *Жауапты: кафедра меңгерушілері;*

4. 2022-2023 оқу жылына 7М01401 – Бастапқы әскери дайындық педагогін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша магистранттарды қабылдау жұмыстары жандандырылсын: *Жауапты: Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі;*

6. Факультетте дайындалатын ББ-дағы элективті пәндер бойынша оқу және оқу-әдістемелік құралдарын шығару күшейтілсін. *Жауапты: кафедра меңгерушілері;*

7. Бітіруші 4-курс студенттерінің білімін тереңдету және Ұлттық біліктілік тестіне енетін бейіндік пәндер бойынша оқыту сапасын арттыру мақсатында жұмыстар жетілдірілсін. *Жауапты: кафедра меңгерушілері, бейіндік пәндерден дәріс жүргізетін ОПҚ;*

8. Факультет құрамындағы кафедралар ОПҚ әлеуетін нығайту мақсатында практик мамандарды, белгілі жаттықтырушыларды тарту ісі қолға алынсын. *Жауапты: кафедра меңгерушілері;*

9. Кафедралардың ғылыми орталықтармен, мекемелермен байланысын орнату және олармен келісімшарттар жасау бағытында жұмыс атқару. *Жауапты: кафедра меңгерушілері;*

10. Шешімнің орындалуын қадағалау сала проректорларына жүктелсін.

4 Әртүрлі мәселелер

4.1 Білім берушілерге білім беру төлемақысы бойынша жеңілдік беру туралы

Шешім:

4.1.1 Келесі студенттерге білім беру төлемақысы бойынша жеңілдік жасалсын:

№	Студенттің аты-жөні	Факультет, шифр мамандық	Курсы	Әлуменгілік жағдайы	ГРА балы	Жеңілдік пайызы
Өнер және білім факультеті						
1	Есіркеп Аяла Нұрсұлтанқызы	6B02101-Дизайн	1 курс, 2101-21	Көп балалы Бала саны: 6	3,14	30 %
2	Маликаждарова Арай Мухитқызы	6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	1- курс, 1403-31	Көп балалы Бала саны: 5 толық емес отбасынан Маликаждарова Н.М. 1403-31 тобының студенті	3,16	30 %
3	Әбдіқалық Сымбат Мухаметжанқызы	6B02101-Дизайн	2-курс, 2101-10	Көп балалы Бала саны: 6	3,0	30 %

4	Сапар Ақжарқын Қуанышқызы	6B01403-Музыка мұғалімін даярлау	1:курс, 1403-31	Көп балалы Бала саны: 6	3,16	30 %
Тарих және педагогика факультеті						
1	Абубақр Зейнеп Сидикқызы	6B01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	1-курс, 1301-21	Көп балалы Бала саны: 6	3,23	30 %
2	Нүрділда Жансая Нұралықызы	6B01901-Арнайы педагогика маманын даярлау (Логопед)	2-курс, 1901-20	Көп балалы Бала саны: 6	3,36	30 %
3	Артыкбаева Ақниет Маратқызы	6B01301- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімін даярлау	3-курс, 1301-39	Көп балалы Бала саны: 7	3,36	30 %
Филология факультеті						
1	Қасымбек Ақбілек Бақтиярқызы	6B02301-Аударма ісі	2-курс, 2301-10	Көп балалы Бала саны: 7	3,39	30 %
2	Хамракулова Розалина Рахманкуловна	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1- курс, 1703-91	Көп балалы Бала саны: 8 1 бала 22 жасқа толған	3,46	30 %
3	Жолдасова Назерке Мадиярқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1703-11-3	Көп балалы Бала саны: 7	3,26	30 %
4	Адил Ақерке Бағланқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1703-11-3	Көп балалы Бала саны: 6	3,42	30 %
5	Пернебай Ақтолқын Бегасылқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1703-11-1	Көп балалы Бала саны: 6	3,5	30 %
6	Хайрулла Қарақат Якупқызы	6B01701-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімін даярлау	1 -курс, 1701-31	Көп балалы Бала саны: 6	3,28	30 %
7	Алпысбай Ұлар Батырқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1703-11-1	Көп балалы Бала саны: 6	3,5	30 %
8	Исмаил Аида Айдосқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1703-51	Көп балалы Бала саны: 6	3,18	30 %
9	Әлібек Жанар Асқарқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1- курс, 1703-11-1	Көп балалы Бала саны: 6	3,62	30 %

10	Жүсіп Ақмоншақ Әділқызы	6B02301-Аударма ісі	1 -курс, 2301-11	Көп балалы Бала саны: 6	3,31	30 %
11	Төрекұл Аяулым Кенжетайқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1 -курс, 1701-21	Көп балалы Бала саны: 6	3,35	30 %
12	Салидин Арайлым Абдирайымқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1-курс, 1703-11-1	Көп балалы Бала саны: 6	3,48	30 %
13	Бахтияр Бейбіт Ержигитқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1-курс, 1703-11-2	Көп балалы Бала саны: 6	3,08	30 %
14	Төлбасы Аяжан Бекзатқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	3-курс, 1703-39	Көп балалы Бала саны: 6	3,88	30 %
15	Ақбай Ақжан Маратқызы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1-курс, 1703-11-2	Көп балалы Бала саны: 6	3,12	30 %
16	Сса Дана Рүстемқызы	6B02301-Аударма ісі	2 курс, 2301-10	Көп балалы Бала саны: 6 Толық емес отбасы	3,19	30 %

Жаратылыстану факультеті

1	Уралова Аружан Аскаровна	6B05101- Биология	1-курс, 5101-11	Көп балалы Бала саны: 6	3,16	30 %
---	-----------------------------	----------------------	--------------------	----------------------------	------	------

Денешынықтыру және спорт

1	Досымбет Сымбат Ахылбекқызы	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	1-курс, 1402-51	Көп балалы Бала саны: 6	3,07	30 %
2	Амангелді Аяжан Жандосқызы	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	2-курс, 1402-30	Көп балалы Бала саны: 6 1 мүгедек бар	3,33	30 %
3	Оразәлі Анар Ерболатқызы	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	2-курс, 1402-30	Көп балалы Бала саны: 6	3,3	30 %
4	Адиханов Тимур Асқарұлы	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	1-курс, 1402-11-1	ҚР чемпионы	3,46	30 %
5	Иралиева Камила Алишеровна	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	1 курс, 1402-81	ҚР чемпионы	3,06	30 %
6	Әбен Меруерт Алдабергенқызы	6B01402-Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау	1-курс, 1402-11-1	Әлем чемпионы	3,18	50 %

Қызметкерлер бойынша

№	Студенттің аты-жөні	Қызметкердің аты-жөні	Қызметі	Шифр, мамандық	Курсы	GPA балы	жеңілдік пайызы
1	Русланқызы Әсем	Тажекова Акмарал Джаксыбековна	Ғылыми зерттеулер офисі басшысы	6B01703-Шетел тілі:екі шетел тілі мұғалімін даярлау	1-курс, 1703-51	3,49	30 %

4.1.2 Олимпиадалық спорт түрлері бойынша өткізілген халықаралық жарыста 1-орын, халықаралық, республикалық айтыста Бас жүлде немесе 1-орын иеленген білім алушыларға 50% жеңілдік беріледі (GPA баллы есепке алынбайды) деген өзгеріс енгізілсін.

4.1.3 **4.1.2 шешімнің негізінде** Дене шынықтыру және спорт факультетінің 1-курс студенті, Дзю-додан жасөспірімдер арасында Еуропа кубогының 1-орын иегері (Словения, Градес қаласы, 14-18.10.2021 ж.) **Байкенжеев Аян Ермекұлына** оқу төлемақысы бойынша 50 % берілсін.

4.2.1 Аттестаттау комиссиясының төрағасын ауыстыру туралы

Шешім:

4.2.1 2021-2022 оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетін бітіретін 5B010500-«Дефектология», 6B01901 - «Арнайы педагогика (Логопед)» (жеделдетілген, қысқартылған), 5B010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 6B01201- «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» (жеделдетілген, қысқартылған), 7M01901 – «Арнайы педагогика (Логопед)», 7M01201 мамандықтары бойынша аттестаттау комиссиясының төрағасы болып «Зияткер-білім» мектебінің директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Длимбетова Бакжан Сериковна бекітілсін.

4.2.2 2021-2022 оқу жылында бітіретін 5B011600-География, 6B01506 – География мұғалімін даярлау, 5B012900 - География-Тарих, 6B01511 – География-Тарих мұғалімін даярлау, 5B011500 - Құқық және экономика негіздері, 7M01506 – География педагогін даярлау мамандықтары / білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясы мүшелерінің құрамынан А.Ж.Тажекованы шығарып, орнына ғ.к., аға оқытушы Темирова Жаннат Жамбуловна, Алимкулова Акмарал Садуакасовнаның орнына қорытынды аттестаттау комиссиясының хатшысы ретінде магистр, аға оқытушы Мусабекова Аерке Куанышбековна бекітілсін.

4.3 Диплом жетекшілеріне өзгеріс енгізу туралы

Шешім:

4.3 2022 жылдың 17 қаңтарынан бастап Бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. Г.Б.Таутаевадан 0,25 штат бірлігі алынып, штат кестесіне өзгеріс енуіне байланысты төмендегі 4 студенттің диплом жұмысына жетекшілік п.ғ.к., профессор Р.И.Кенжебековаға ауыстырылсын:

5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі							
1	Урозгелдиева	C130	Бастауыш мектеп	Р.И.Кенжебекова	Г.И.Махмуд		

	Гулчехра Мейирбек қизи	1-19к	оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды пайдаланудың тиімділігі	п.ғ.к., профессор	ова п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ
2	Жаббарова Нагима Бахдияровна	С130 1-19к	Кіші мектеп жасындағы балаларда қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру	Р.И.Кенжебекова п.ғ.к., профессор	Г.И.Махмудова п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ

5В010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі					
1	Қожанберді Айдана Әбдіқұлқызы	К102-17	Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру	Р.И.Кенжебекова п.ғ.к., профессор	Г.И.Махмудова п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ
2	Нұрмахан Несібелі Жасынбекқызы	К102-17	Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастыру	Р.И.Кенжебекова п.ғ.к., профессор	Г.И.Махмудова п.ғ.к., М.Әуезов атындағы ОҚУ

4.4 Докторанттардың отандық ғылыми жетекшілерін, магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін және рецензенттерін бекіту мен өзгеріс ендіру, диссертация тақырыптары мен шетелдік ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы

Шешім:

4.4 Докторанттардың отандық ғылыми жетекшілері, магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілері және рецензенттері қосымшаға сәйкес тиісті өзгертулермен бекітілсін (Қосымша қоса тіркелді).

4.5 Докторанттар мен магистранттардың ғылыми тағлымдамаларына жұмсалатын қаржы шығындарын бекіту туралы

Шешім:

1) Докторантура білім беру бағдарламасында докторанттың 1 айдан аспайтын шетелдік ғылыми тағлымдамадан өтуіне жұмсалатын қаражат шығындарын мемлекеттік білім тапсырысымен оқитындар үшін – 500 000 (бес жүз мың) теңге, ақылы негізде оқитындар үшін – 200 000 (екі жүз мың) теңге;

2) Магистратура білім беру бағдарламаларында магистранттың 10 күннен аспайтын ғылыми тағлымдамадан өтуіне жұмсалатын қаражат шығындарын алыс және жақын шет мемлекеттер үшін мемлекеттік білім тапсырысымен оқитындар үшін 150 000 (жүз елу мың) теңге, ақылы негізінде оқитындар үшін – 50 000 (елу мың) теңге, ҚР территориясында 50 000 (елу мың) теңге, ақылы негізінде оқитындар үшін – 25 000 (жиырма бес мың) теңге көлемінде бекітілсін.

4.6 Университет кафедраларының ғылыми бағыттарының тақырыптары мен жетекшілерін бекіту туралы

Шешім:

4.6 Университет кафедраларының ғылыми бағыттарының тақырыптары мен жетекшілері келесі құрамда бекітілсін:

1) «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқыту мазмұнын ғаламдану контексінде қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негіздері» бағыты бойынша - **Пошаев Дәнебек Қолдасұлы;**

2) «Педагогикалық инновацияларды қолдану негізінде болашақ мұғалімдерді даярлау процесін жетілдірудің ғылыми әдістемелік негіздері» бағыты бойынша – **Таутаева Гүлдарига Батыршаевна;**

3) «Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орталарды әзірлеу арқылы қалыптастыру» бағыты бойынша - **Кадирбаева Роза Итлеуовна.**

4.7 «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлық құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы» ереже жобасын бекіту туралы

Шешім:

4.7 «Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлық құрамының рецензияланатын журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау туралы» ереже жобасы бекітілсін.

4.8 Монографияны баспадан шығару туралы

Шешім:

4.8.1 Педагогикалық инновациялар орталығының басшысы, педагогика ғылымдарының докторы, доцент Қадырбаева Роза Итлеуқызының «Аралас оқытуды » атты монографиясы баспадан шығаруға ұсынылсын.

4.8.2 Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты Танабаев Ғалымжан Өміртайұлы, Байғұтова Ақлима Мархабатқызы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф.ғ.д. Жаңабекова Айман Әбділдақызының «Қазіргі қазақ тіліндегі субъектив мәнді етістіктердің лексика-семантикалық мәні» атты монографиясы баспадан шығаруға ұсынылсын.

4.9 Гази университетінде сыртқы академиялық ұтқырлықтан өткен білім алушылардың оқу жетістіктерінің ESTS-ке аударылған баллдық-рейтингтік әріптік жүйесін бекіту туралы тіркеу офисінің басшысы Қ.С.Мамаевтан қызметхат келіп түсті.

Шешім:

4.9 Гази университетінде сыртқы академиялық ұтқырлықтан өткен білім алушылардың оқу жетістіктерінің ESTS-ке аударылған баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бекітілсін.

4.10 Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар жеңімпаздарына грант тағайындау туралы

Шешім:

4.10 Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық ғылыми жобалар жеңімпаздарына университеттің 2 гранты тағайындалсын.

4.11 Университетте қосымша жұмыс атқаратын мектеп мұғалімдерінің жалақысын көбейту туралы

Шешім:

4.11 Университетте қосымша жұмыс атқаратын мұғалімдерін ынталандыру үшін айлық жалақысын ОПК-ға төленетін 200800,20 теңге үлесінен есептеу ұсынылсын.

4.12 Республикалық пәндік олимпиадасына студенттер мен жетекшіні ұсыну туралы

Шешім:

4.12 Павлодар педагогикалық университетінде **2022 жылдың 20-22 сәуірінде** «БВ01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша ҚР жоғары оқу орындары студенттері арасында түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орайластырылған ХІҮ Республикалық пән олимпиадасына жетекші ретінде Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы ф.ғ.к. Н.С.Халықова бекітілсін, олимпиадаға қатысу үшін төмендегі студенттер жіберілсін:

р/с	Аты-жөні	БББ атауы	Оқу тобы
1	Әбілдаева Ақтолқын	БВ01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті	117-18
2	Әбубәкір Аружан	БВ01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті	117-18
3	Оразбек Анар	БВ01710 – Қазақ тілі мен әдебиеті	117-28

4.13 «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттауға ұсыну туралы

Шешім:

4.13 «Музыкалық білім» кафедрасының магистр-аға оқытушылары Байбатшаева Сауле, Смайыл Мая «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттауға ұсынылсын.

4.14 Қабылдау комиссиясының 2022-2023 оқу жылындағы жұмысына жауапты тұлғаларды бекіту туралы

Шешім:

4.14. 1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы барлық заңнамаларды қоса алғанда) сәйкес, 2022-2023 оқу жылына талапкерлерді (бакалавр, магистратура, PhD докторантура) оқуға қабылдау мақсатында ОҚМПУ қабылдау комиссиясы жұмыстарын ұйымдастыру үшін 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап төмендегі жауапты тұлғалар бекітілсін:

1. Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы – т.ғ.к., доцент, ОҚМПУ қабылдау комиссиясының төрағасы;

2. Исабек Баршагүл Қашқынқызы – т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, ОҚМПУ қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары;

3. Битұрсын Ғалымжан Шәмшідінұлы – ОҚМПУ қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы;

4. Наурзова Қарлығаш Қайратбекқызы – ОҚМПУ Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысының орынбасары;

5. Жылысбаева Аққоңыр Нұрділләқызы – талапкерлерді қабылдауда магистратура және PhD докторантура білім беру бағдарламалары бойынша үйлестіруші;

6. Оразова Асия Орынбековна – ҚР азаматтарын және ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ талапкерлерді дайындық бөліміне қабылдауда үйлестіруші;

7. Инкарбеков Саят Алтынбекович – талапкерлерді қабылдауда техникалық, базалық-ақпараттық және дизайнерлік жұмыстарды үйлестіруші;

8. Қыстаубаева Күмісай Серікханқызы – талапкерлерді қабылдауда (бакалавр, магистратура, PhD докторантура) мемлекеттік тапсырыс, ауылдық квота, ақылы, шартты негізде және шетел азаматтарымен түзілген келісім-шарттардың тіркелуін үйлестіруші.

2). Факультет декандары мен кафедра меңгерушілері – ОҚМПУ қабылдау комиссиясы жұмыстарын ұйымдастыру барысында професор-оқытушылар құрамының кезекшілігін, арнаулы және шығармашылық емтихандардың сұрақтары мен өткізу нұсқаулықтарын рәсімдеу және емтихандарды қабылдауға жауапты комиссия құрамын ұсыну жұмыстарын үйлестіруші.

4.15 Ғылыми кеңес құрамына өзгеріс ендіру туралы

Шешім:

4.15 ҚР ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Аяшев Оңалбай Аяшұлы Ғылыми кеңес құрамынан шығарылсын.

Ғалым хатшы

А.Байғұтова